



ШЕШІМ
2017 жылғы 12 мамыр

Есік қаласы

РЕШЕНИЕ
№ 5-03

№

город Есик

Аудан әкімінің 2014 жылғы
30 маусымдағы № 6-06 және
2016 жылғы 13 маусымдағы
№ 6-09 шешімдеріне өзгерістер
енгізу туралы

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 37-бабын басшылыққа ала отырып Еңбекшіқазақ ауданының әкімі **ШЕШІМ ЕТТІ** :

1.Еңбекшіқазақ ауданы әкімінің 2014 жылғы 30 маусымдағы «Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің өтінімдерін қарау және жеміс дақылдары мен жүзімнің көпжылдық екпелерін отырғызу актісін жасау үшін ведомствоаралық комиссияның құрамын бекіту туралы» № 6-06 және Еңбекшіқазақ ауданы әкімінің 2016 жылғы 13 маусымдағы «Аудан әкімінің 2014 жылғы 30 маусымдағы № 6-06 шешіміне өзгерістер енгізу туралы» № 6-09 шешімдеріне келесі өзгеріс енгізілсін: Жумағалиев Әзіл Кәрімұлы, комиссия төрағасының орынбасары, Шойбеков Шынғыс Болатұлы, комиссия мүшесі, басқа жұмысқа ауысуына байланысты шығарылып, орнына Найзабеков Алмас Тынышбекұлы, аудандық ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы, комиссия төрағасының орынбасары, Мамырбеков Ринат Бердықожаұлы, Алматы облысы кәсіпкерлер палатасының Еңбекшіқазақ аудандық филиалының директоры, комиссия мүшесі болып енгізілсін.

2.Ведомствоаралық комиссияның құрамына өзгеріс аудандық Мәслихат сессиясында бекітілуге ұсынылсын.

3.Осы шешімнің орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Мақсат Токбергелұлы Бекетаевқа жүктелсін.

0000077

Аудан әкімі



Б.Ыскақ



ШЕШІМ

19 мамыр 2017 жыл
Есік қаласы

РЕШЕНИЕ

№ 15-5
город Есік


**Ауыл шаруашылығы тауарын
өндірушілердің өтінімдерін қарау және
жеміс дақылдары мен жүзімнің көпжылдық
екпелерін отырғызу актісін жасау үшін
ведомствоаралық комиссиясының құрамына
өзгерістер енгізу туралы**


Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6-бабы 1-тармағы 12-тармақшасына сәйкес, аудан әкімінің 2017 жылғы 18-мамырдағы № 75-01-14/1192 хатының және аудан әкімінің 2017 жылғы 12-мамырдағы № 5-03 шешімінің негізінде, Еңбекшіқазақ аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің өтінімдерін қарау және жеміс дақылдары мен жүзімнің көпжылдық екпелерін отырғызу актісін жасау үшін ведомствоаралық комиссиясының құрамына енгізілген өзгерістер осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Еңбекшіқазақ аудандық мәслихатының 2016 жылғы 24-маусымдағы № 5-5 шешімінің күші жойылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудандық мәслихат аппаратының басшысы Джелдикбаева Айкерим Алчиновнаға және аудандық мәслихаттың агроөнеркәсіп, шағын және орта бизнес пен іскерлік белсенділікті қолдау, индустриалды-инновациялық даму мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

Аудандық мәслихаттың
15-сессиясының төрағасы

Е.Жаманбаев

Аудандық мәслихаттың
хатшысы

В.Ахметов



Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің өтінімдерін қарау және жеміс дақылдары мен жүзімнің көпжылдық екпелерін отырғызу актісін жасау үшін ведомствоаралық комиссиясының құрамы

Бекетаев Мақсат Тоқбергенұлы аудан әкімінің орынбасары, комиссия төрағасы;

Найзабеков Алмас Тынышбекұлы аудандық ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы, комиссия төрағасының орынбасары;

Комиссия мүшелері:

✓ Қыдырбаев Қайрат Үмітбекұлы аудандық жер қатынастары бөлімінің басшысы;

✓ Мамырбеков Ринат Бердыкожаұлы Алматы облысы кәсіпкерлер палатасының Еңбекшіқазақ аудандық филиалының директоры;

✓ Сарсеков Саят Сәбитұлы аудандық аумақтық инспекциясының басшысы (келісім бойынша);

Жакеев Ильян Жаңабайұлы «Агроөнеркәсіптік кешені, мемлекеттік мекемелер және банк қызметкерлерінің аудандық кәсіподағы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы (келісім бойынша);

✓ Нұртазина Наталья Юрьевна «Алма-бақ және жүзім ұлттық ғылыми зерттеу институтының» бөлім менгерушісі, ғылым кандидаты (келісім бойынша);

Ауылдық округ әкімдері (тізім бойынша);

Ауылдық округ мамандары (тізім бойынша);